



АЛ ФАРАБИ АТЫНДАГЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ ФАРАБИ

AL FARABI KAZAKH  
NATIONAL UNIVERSITY

# ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

# ВЕСТНИК

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

# BULLETIN

PHILOLOGY SERIES

ISSN 1563-0223  
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

# ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Филология сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ВЕСТНИК КазНУ

Серия филологическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# KazNU BULLETIN

Philology series

№3 (161)

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2016

---

## CONTENTS

### Section 2 Literary Criticism

<i>Azimova A.Y.</i>	
M.F. Akhundzadeh and it's woman images system .....	4
<i>Aldabek N.A.</i>	
The artistic heritage of Zhambyl Dzhabaev.....	10
<i>Bazylova B.K.</i>	
Features of art reconstruction in the historical novel.....	16
<i>Buldybay A.S.</i>	
Feature skazitelskogo art of the Kazakh people .....	22
<i>Huseynova P.A.</i>	
The Ideas Of Independence In The Satirical Prose of Abdurrahim Bey Ahverdiev .....	30
<i>Dzhalamova Zh., Joldasbekova B.</i>	
Author's consciousness in the poem «The black Arab» («Cherniyarab») of M.M. Prishvin.....	36
<i>Kuliyeva A.</i>	
The importance of the letters in the research creativity of writer.....	42
<i>Sagyndykov N.B., Esenkulova A.</i>	
Dastan epic genre in the kazakh folklore.....	48
<i>Sarbasov B.S.</i>	
The motive of miracee birth in ture monuments.....	52
<i>Satkenova Zh.B., Bissegaliyeva N.K.</i>	
Language of poetic composition for children .....	56
<i>Seydymhanova T.B.</i>	
Lyric-epic poems of the Kazakh people .....	60
<i>Seitkazy E.S.</i>	
Images and symbolsin prose of O. Bokeev.....	66
<i>Soltanaeva E.M., Musaly L.Zh., Ajtmuhambetova A.S.</i>	
The embodiment of the national idea and the idea of «Mangilik El» in the ancient and medieval literature .....	72
<i>Tarakov A.S., Aytmukhanbetova A.S.</i>	
The examples of morality in the epos «The path of Abai» by M. Auezov .....	80
<i>Shainova G.B.</i>	
Features shaped structure prose T. Pulatova.....	86

### Section 1 Linguistics

<i>Abayeva Zh.S.</i>	
Representation of the gender stereotypes in advertising texts .....	92
<i>Akhmetbek G., Nurzhayeva A.</i>	
Loanwords in chinese vocabulary.....	98
<i>Bekmasheva B.N., Zhautikbayeva A.A.</i>	
Lingua Cultural Aspects of Language .....	102
<i>Dosanova A.M., Madyeva D.B., Shakenova V.B.</i>	
The concept integration and language adaptation.....	108
<i>Ibrayev G.U., Aitpayeva A.S., Rakhatova A.T.</i>	
Linguistic features of argotic lexicon in private correspondence in penal institutions.....	116
<i>Itzhanova N.B.</i>	
The verbs with the semantics of aggression in the media in Russia and Kazakhstan .....	122

Тарақов Ә.<sup>1</sup>, Айтмұханбетова А.С.<sup>2</sup>,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
<sup>1</sup>профессоры, ф. г. д.,<sup>2</sup>аға оқытушы, Алматы қ., Қазақстан,  
e-mail:anuar\_tarak@mail.ru

М. ӘҮЕЗОВТІҢ  
«АБАЙ ЖОЛЫ»  
ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ  
АДАМГЕРШІЛІК  
ӨНЕГЕЛЕРИ

О. Уайлд «Әркім тарихты жасауы мүмкін. Тек ұлы адамдарғана оны жазуға қабілетті» деп тұжырымдағандай, Абайдың заманын, бүкіл бір қоғамның тарихын, әлеуметтік жағдайы мен тұрмыс-кәсібін, мәдениеті мен өмір дағдыларын, тәлім-тәрбие-сін, таптық құрестер мен билік арасындағы тартыстар, халықтағдырын аяққа басуы, патшалық өкіметтің отаршылдық, озбырлықтарын, бай-богыстардың зұлымдығы, елдікке, бостандыққа деген ұмтылыш нышандары М. Әуезовтің төрт томдық тамаша туындысында қат-қабат өріліп отырады. «Абай жолының» талдап, таразылар, бағалар бір ерекшелігі – ұлттық тәрбие-ниң туындыда халықтың ежелден қалыптасқан ізгілік мектебі, өнегелік қағидалары, адамгершілік-адамдық мәселелерінің үнемі көтеріліп отыруы. Үлкен туынды атаяу – «Абай жолы». Бұл ұлы жол – оның азаматтық болмыс-бітімінің қалыптасуы, айналасындағы адамдардың ықпалымен, әр органың тәлім-тәрбиесімен сана-сезімі, ой-өресі өсүі сан салалы соқпақтармен тармақталып жатыр. Абайдың жолы – оның ақындық дарын-таланттының үздіксіз шындалу жолы немесе құрепкерлік, қайраткерлік тұлғасының ширығып, шындалу жолы ғана емес, бұл адамгершілік-имандылық келбетінің кемелденіп, кеменгерлікпен ұштасуына дейінгі ұзақ та ұлагатты, қын да қылыш жол.

«Абай жолының» тағылымдық тамаша бір қыры – адамгершілік құндылықтар мен имандылық қасиеттерінің адам бойындағы жат қылықтарға, жағымсыз әдегтерге қарсы қойылады, шынайы бейнеленеді. Бұл өмір заңдылығы десек те, оқырман, ең алдымен, қогамдық түрлі жағдайларды көріп, біліп өсken, рухани жетілген жас Абайдың алуан жарқын ұмтылыстарын сезеді. Ең бастысы ақынның кісілік келбетін таниды. Абайдың Семейден окудан ауылға оралғандағы эпизодтта тәлім – тәрбиесі, ізгілік өнегелері көрініс тапқан.

Бала көп ішінен, ең алдымен өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып.

— Эй, шырағым балам, зүслі ар жаңында бол! — Н бер! — деді.

Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анаңай жерде, қонақ үй-дің сыртында, касында екі-үш үлкен кісі бар – экесі Құнанбай түр екен. Үңгайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің

сондайлық салқын сабырлылық мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды» [1,9].

Балаға қашанда ана жақын. Алайда әке – басты тұлға. Абай алдымен анасы Ұлжанга қарай беттегенде ниетін сезінген анысының әкесіне сәлем бергізуі де ежелден келе жатқан дәстүрге беріктік. АナンЫҢ «ШЫРАҒЫМ БАЛАМ» деген жылылық мейірімінің өзі де текстілігін, аталы, ардақты жердің қызы екендігін көрсетеді. Авторлық баяндау арқылы жазушы Абайдың салқын сабырлылық мәнін ұғып, әкесі Құнанбайға амандасу әрекетін жеткізеді. Қанша айтқанымен елден жырақтап, жатжерде, қалада оқып келген баланың тосырқап қалатыны да анық. Абайдың шешесіне қарай жақындауының тағы бір сыры – оның жасынан әже тәрбиесін көріп өскендігі, шежіре көнілден ертегілер мен аңыз-әңгімелерге, өлеңдерге, тарихи жырларға қаныққандығы.

«Әжесі әуелде көп-көп ертектер айтқан. «Еділ-Жайық», «Жұпар корығы», «Құла мерген» – бәрі де айтылды. Оның әңгімелерін түстеде, кешке де, тіпті, көш бойы да Абай айтқыза беретін болды».

Бұл сейлемдерден Абайдың әжесінің ертегісіне қызығуы, құштарлығы байқалса, сонымен бірге білуге түсінуге деген айрықша ынтақыласын да байқатады. Ақын сөзімен айтқанда «білмекке құмарлық» Абай болмысындағы ерекшеліктердің бірі

«Бертін келе, тәуір болып алған соң, әжесінен тағы бір әңгімелер тапты. Ол осы ел ішінде Зеренің жасынан бергі көргені, естігені жайында әңгімелер. Ел мен елдің шабысы, таласы жайында бірталай күндер айтты...» [1, 51]. Өсе келе Абайдың әжесінің көрген, естігені туралы әңгімелер тыңдауы мен ел, жер тарихына, халқының өткенине қызығушылық сезімін қалыптастырудын сезінеміз. Халық басынан кешкен тартыс, шабыстарды есітіп, білу арқылы Абайдың өз ортасына, айналасына белгілі бір көзқарас орнықтыруы аңғарылады. Яғни, Абайдың ақындық қабілет, дарының түлеуіне, әжесі Зеренің зеректігі мен зерделілігі айрықша ықпалын тигізген. Абайдың ақындық дарынының шындалуына әжесі Зере мен анасы Ұлжанның ұдайы ел тарихынан, ел ішіндегі түрлі оқиғалардан, өткеннің өнегесі мен өкініштерінен хабардар етуі әрі ел ішіндегі білімдар көне көздермен әңгімелесуі. «Тағы бір күндер Мамыр, Еңліктей қыздардың қайғыларын да айтып берді. Абай қажымай, жалықпай ылғи ғана ынтыға тыңдайтын. Кейде әжесі шаршап, айтпай қойса, өз шешесіне жабысатын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді. Және ол көбінесе өлеңді сөзді жиі айтады.

Оқымаған шешесінің әлі күнгес ұмытпай, білдірмей сақтап жүрген зейініне таңқалады.

Нелер ескі заман жырларын, айтыс, өсіет, әзілдерін де көп айтып береді» [1, 5].

Әжесі ескінің естен кетпес әңгімелерімен баурап алса, анысының өлең-жырмен, айтсыпен, өсіет, әзілдермен ауыз әдебиетінің барлық жырларымен ой-санасын жетілдіруі де, яғни дәстүр-салты бай елдің әдебиетінің байлығынан, асыл қазыналарының алуан, түрінен нэр алғандығын сезіндіреді. Бір жағынан Абайдың әдебиетке құштарлығын оятқан рухани мектеп іспетті.

«Осы түнде ас піскенге шейін Барлас «Қобыланды батыр» жырын жырлады. Абайдың қазақ аузынан да, кітап ішінен де өмірі естіп білген ең бір сұлу, ең бір әсерлі күшті жыры осы еді». Бұдан зерек ұғымтал баланың эпостық мұраларға ден қоюы, батырлық жырлармен рухтануы Абайдың жыр оқиғасына деген қызығушылығынан бөлек, оны кім шығарғанын білгісі келуі сол арқылы жыр тарихымен танысу идеті көрінеді. Абай анысынан, әжесінен және ел аралаған ақын жыршылардан ауыз әдебиетінің небір құндылықтарына бала кезден құмартумен бірге, ақындық таланттың шындаған. Осылайша ақындық мектептегі алғашқы қадамдарын бастаған. Ол әжесі Зеренің ақылын тыңдал, небір аңыз-әңгімелерін көкейге түйіп өсті. Есейген ережеткен шақта да үнемі әжесін есіне алуы да Зеренің парасатты болмысына деген сүйіспен-шілікті сездіртеді. «Ата-ананың балаларын тәрбиелеуі – эпопеядығы ұлттық педагогиканың басты ерекшелігі болып табылады. Ана мен ұл қарым-қатынасы, баласының әже, ана сөзіне құлақ асуы, ақылын тыңдал, қате-кемшиліктерін айтса, түзеуге ұмтылу әрекеттері нанымды, танымды, тағылымды қырларымен бейнеленеді. Абайдың анысына деген махаббаты тұла бойына адамгершілік ізгілік қасиеттерді тоғыстыруынан айқындалады. Зере мен Ұлжанның аузынан небір өнегелі, өткеннің асыл мұраларын тыңдал өсken перзенттің тағы бір тағылымды қыры – ер азаматқа тән емес, жамандықты бойына жолатпау. Соның бірі әлде бір айтылған артық сөздерді өз ішінде қалдыру. Арадағы татулыққа еш кір келтірмеу.

«Абай бұл шешесімен дауласпайды. Айтқаның үндемей салқын ғана тыңдайды да, сол арада ұмытуға тырысады. Өйткені, шешесі Құнке айтқанды, оның баласы Құдайбергенді айтпайды. Ол әрқашан Абай келгенде куанып карсы аса қатты бауыр тартады. Құнкенің сөздерін Абай өз шешесіне жеткізген емес...» [1, 212]

деп оны Ұлжанға айтпай іште сақтап, оңашада әжесіне айтып, ақылдастарынын, оны әжесі ешкімге білдірмейуін, өзі тыятынын жеткізеді. «Күндейстік деген сүм мінездің ызғары гой!» деген Зере сөзі – зердеге түйстіндей ой кесімі. Осыдан ақ аналардың бала тәрбиесіне ерекше мән бергені және кез-келген сөзді бірден – бірге айтып, сол арқылы бір-бірін араздастыру сияқты жатпышыдан бойын аулақ салдырығаны байқалады. Мұның өзі ақынның бала шағынан мінез ірлігіне, ізгілік өнегесіне тәрбиеленгендердің сездіртеді. Абай әрқайсысын өз шешесінен кем көрмей, тең көргені де тағылымды тәрбиелеуіне игі ықпалын тигізген.

Абайдың білмекке құмарлығы, әр нәрсени зерделеп көнілге тоқуы атшабар Қарабаспен кездесуде көрінеді. Жазушы мұны «Бұл жөнде Қарабас атшабарда Абай сезбей жүрген көп білім бар екен. Сөүір – бұл айдың арабша аты. Қазакша мамыр. Одан соң маусым... Абай қазакша ай атының бәрін сұрап, қайта-қайта қайырып жаттап алды» деп баяндайды.

Абайдың арабша ай аттарын білуге ынтақыласын, сол арқылы ана тілінің ерекшелігін сездіртеді. Көкірек көзі білмекке құштарланған талапты жастың сауалы мұнымен тынбайды.

«Осы отамалы» немене? Не деген сөз өзі? – деп, сұрауымен бірге, автордың сөзімен баяндасақ:

«Осыдан соң: Айдың тоғаны» деген не? «Өліараның не мәні бар? «Қырқүйек неден қойылған? Абай осыларды да сұрастырып, көп қызық әңгімелер есітті» [1, 106]. Осының бәріде Абайдың зейін, қабілетін шындал, өлең жазу үшін көп білу қажеттігін ойға түйгендігін байқатады. Ай аттарының зердесіне тоқуы арқылы жазушы жас талапкердің білімнің бір көзі халықтың өзінде екендігін дәлелдейді. Абайдың ақындық дарынының қалыптаса бастауының нышаны ретінде Байкөкшемен батыл жыр қақтығысына түсімен көрсетеді. Және Абайдың сирек кездесетін қауындал сөзін қолдануымен ойын, сөздік қорын байыта түскендігін де байқатады.

Абайдың қатты дауыстап:  
Ойпаң жерге қауындал шөп бітеді,  
Кей жігітке мал мен бас көп бітеді –

деп өлеңдегуіне Байкөкшеме жауабы:

Кей жігітті пысық деп болыс қойсак,  
Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді...

Байкөкшемен осылайша қаймықпай өткір жыр жолдарымен қақтығысуы Абайдың тұла

бойындағы ақындық қабілеттінің ұшталып келе жату сипаты. Екі жол өлеңде елдің жағдайын, билік басындағыларын тілге тиек етсе, Байкөкшеме оның ойын ұғынып, мағынасын ашып, айқындал жеткізген.

Байкөкшемің болыстарды сынаған өлеңіне Тәкежандар кеңесін білдіргендеге «ел көргенді бірге көріп, ел айтқанды бұрын айтатын сиңшы болар!» деп қостауы да ниеттестігін анғартады. «Абайға ағашты таулар қазірде ақ шидемінайналдырып киген, қыс көрінің өзіндей көрінді. Шытқыл аяз бар. Терісінен есекен болымсыз ғана жел лебі білінеді. Абай тұлкі тымағының бауын байлап бастап, әжесін есіне алды. Жүрерде, тұмағының бауын байлап жүр. Құлактан тиген шаншу жаман болады. Көресіні көріп отырмыз гой, міні» деп, өзінің мүгедектігін мысал еткен. Суықтан сақтана жүруді көп айтқан» [1, 97]. Қыстың қысқаша суреттелуіде ақынның «Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды» деген жыр жолдарымен мазмұндас. Таудың табиғатын сипаттау мен Абайдың тұлкі тымағының бауын байлауды сабактастыруы әжесінің сұықтан сақтандырыған ескертпесін есіне түсіреді. Айттуши әжесінің қамқор ниетін Абай ойна салады. Мұнда әжесінің немересіне деген мейірімі, қамқорлығы сезіледі. Балалық шағымызда талай көзіміз көрген ақ кимешекті әжелеріміз алдыдан шығып амандақсаннан кейін, тұлға-тұрпатымызға көз салып, әлдебір ескерттулерін жасайтын, ақылын айтатын, мінеп те алатын. Әрі Зере әжесінің өзінің мүгедектігін мысал етуі – денсаулыққа жасынан көңіл бөлуге шақыру. Осынау эпизодтан әже мен немеренің арасындағы жарасынды қатынас та өрбіген. Бір жағы бұл көшпенде халықтың туған табиғаттың сырына ежелден қанықтығын әрі өз денсаулығын күттідің қам-харекетін жасап келгенін де аңғартады.

Абайдың балалық шағын суреттеуде автор адамгершілік қырларына тоқталады. Кейбір балалық мінез-қылықтары да болашақ ақынның өсу, есесін кезеңдеріне тән ерекшелік ұғымында берілген. Жириеншенің Абайға қойған аты – Текебай тентек. Осынау әзілдік сипаттағы есімнің өзі Абайдың балалық мінез бітіміндегі ерекшелікті тап басып танытады. Кез келген балаға тән ерекелік, тентектік тәрізді ерекшеліктерді тізбелеп көрсетуден гөрі, оның есесі, ержетуге ұмтылыстарын қасиеттерін, дағдыларын көрсетуді көздесе керек. Мұның өзі Абайдың жас шағынан өзгелерден болмыс, табиғатының даралана түсінілдіктерін көрсетуден көздесе керек. Балалыққа тән кейбір қылықтар уін айқындауды.

көркем киялдан туындаса да, өмірлік шындықпен үйлесім тауып отырады.

«Жасы Абайдан кішірек болса да, Есентай Абайға сен деп сөйлейтін. Атын есте «Абай» демей, «Ібырай» деп ататын осы Есентайдан шыққан мінезді. Бұның ұлгісімен соңғы кездерде Абайды Оразбайлар да, барлық араз топтарымен «Ібырай» деп, «Құнанбайдың Ібырайы» деп ататын [2, 356].

Мұнда бір авторлық амал жасалған Абайдың шын аты – Ибраһим. Пайғамбар есімі Ібырай деп оны ұнатпайтын, қарсы адамдардың қойған жанама есімі іспепті бейнеленген.

Сармолланың аузынан Абай атына айттылған сөзде оның есімінің Ибраһим екендігін ілтипатпен, құрметпен ауызға алуы да оның халық ішіндегі абыробының артып, қадірінің ұлғая түскенін білдіреді. Хазіреттің Абай туралы білгісі келгенде ол: «Мырза, сіз менен Абай жайын сұрадыңыз. Мен ол кісіні білмейді деп ойлаған шығарсыз сізге мағлұм болсын мен Ибраһим мырзаның қазақ халқына ұстаздық, өсінет етіп жазған сөздерін де білемін. Және аса зор құрметеймін. Ол заманымыздың асылзада адамдарының бірі деп білемін» [2, 315] деп жауап береді. Бұл – Абайдың ағартушылық ұстаздық, азаматтық келбетіне қызметіне берілген бағалау.

Абайдың жасынан әжелерінен, ата-анасынан бойына сіңірген өмірлік өнегелерін, әдептілігін, адамгершілік қасиеттерін жазушы эр қырынан айқындауды. Абайдың айрықша бір ізгілік ерекшелігі – үлкендерге сәлем беру әдеті.

Бұл Есқожа ауылына барғандағы сәлемдесуінен көрінеді. «Өз ауылында, Абай ауылының бар үйін жағалай аралап, үлкендеріне сәлем беріп, бірталайдан соң қайта оралып келді» [2, 437].

Абайдың үлкендерге сәлемдесіп болып, біраз уақыттан кейін қайта оралуында мән бар, әрқайсысының денсаулығын, отбасылық жағдайын сұрап қана қоймай, уақыт бөліп аз да болса әңгімелесіп қайтуы – мықты тәрбие негізі. Есқожа ауылындағы Үмітейдің ұзатылуына бару қажеттігін қозғаган да Абай. Өйткені тойға Әмірдің бастауымен салдардың келетіндігінен хабардар. Абайдың бұл ауылға келуінің ерекшелігі баяндалмайды. Автор ауылға келгенде Абай алдымен не істеді деген мәселеге тоқталды.

«Абайлар әуелі той қылышп жатқан ауылдың үлкен үйінен кіріп Есқожаға сәлем беріп, «қайырылы болсын» айтты. Асты да осы үйден ішкен» [2, 437].

Ауылдың үлкен үйі, той иесі Есқожаға сәлем беруден бастап, одан кейін ғана тойға келген қауыммен жүздеседі. Асты да сол үйден ішүі – үлкенге құрмет белгісі. Осы бір сөйлемдерде Абайдың жасынан әже-анасының айтқан ақыл-кеңестерін зейінімен тыңдаپ, көкірегіне зерделеп өскенін, жақсы тәлім-тәрбие алғандығын айғақтайды. Абайдың сәлем берудегі ізгілігі өз алдына, әркімнің хал-жағдайын, денсаулығын сұрап ілтипат танытуы және де жөн-жобаны жақсы билетіні де байқалып отырады. Автор Абайдың саналы, ойлы, әдепті, ақылды, парасатты азамат болып өскенін оқырмандарға өнеге етіп ұсынады.

### Әдебиеттер

- 1 Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. Бірінші кітап. Абай. – Алматы: Жазушы, 2003. – 368 б.
- 2 Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. Екінші кітап. Абай. – Алматы: Жазушы, 2003. – 432 б.

### References

- 1 Auezov M. Abaj zholy: roman-ehpopeya. Birinshi kitap. Abaj. – Almaty: ZHazushy, 2003. – 368 b.
- 2 Auezov M. Abaj zholy: roman-ehpopeya. Ekinshi kitap. Abaj. – Almaty: ZHazushy, 2003. – 432 b.